



Kaspi.kz-тегі Магазинмен жұмыс істеу ережесі

Kaspi.kz-тегі Магазиннің Серіктесі:

1. Тауардың құнын көтермеуге тиіс.
Kaspi.kz-тегі Магазиндегі тауардың бағасы акцияларды, жеңілдіктер мен кешбэк мөлшері ескерілгенде, серіктестің осы тауарды өз дүкенінде, сайтында немесе басқа алаңдарда сататын құнынан жоғары болмауы керек.
2. Kaspi.kz-тегі Магазиндегі тауардың бағасын нарықтық бағадан 15%-дан жоғары белгілемеуге тиіс. Сапаны бақылау қызметі тексерген кезде нарықтық бағаны айқындайды.
3. Тауардың құнына қосымша қызметтерді қоспауға тиіс.
4. Бұрын пайдаланылған, жарамдылық мерзімі өткен немесе өндірушінің кепілдік мерзімі өткен тауарларды, сондай-ақ жалған тауарларды сатпауға тиіс.
5. Тапсырыста көрсетілгенге сәйкес келмейтін және толық жиынтықталмаған тауарды бермеуі керек.
6. Тауарды сатып алушыға бергенге дейін Kaspi.kz-тегі Магазиндегі тапсырысты аяқтамауға тиіс.
7. Сатып алушыға сапасы лайықсыз тауарды немесе тауар түрі сақталғанда сатып алғаннан кейін күнтізбелік 14 күннің ішінде оны айырбастаудан немесе қайтарудан бас тартпауға тиіс.
8. Сатып алушылардан тауардың сапасына сараптама жүргізу үшін ақы талап етпеуге және сараптаманы күнтізбелік 30 күннен асырмауға тиіс.
9. Сатып алушыға айырбастаудың немесе қайтарудың орнына сапасы лайықсыз тауарды жөндеуді ұсынбауға тиіс.
10. Егер сатып алушы жөндеуге келіссе, тауардың кемшіліктерін жою мерзімін күнтізбелік 10 күн мерзімнен асырмауға тиіс.
11. Тауарды қайтарған кезде клиенттен комиссия ұстамауға тиіс.
12. Егер тапсырыс кредитке немесе бөліп төлеуге ресімделсе, тапсырыс құнының бір бөлігі үшін төлемді қабылдамауға тиіс. Сатып алушы тауарды кредитке немесе бөліп төлеуге сатып алған кезде, ол серіктеске жеке ештеңе төлемейді, өйткені тауар берілген күні сатушының шотына тапсырыстың ақысы толық түседі.
13. Тапсырыстың орнына ақша бермеуге тиіс.
14. Kaspi.kz-те оң пікір білдіргені үшін, сондай-ақ теріс пікірді өзгерткені немесе жойғаны үшін сатып алушыларға ақшалай немесе кез келген басқа сыйақы ұсынбауға тиіс.

15. Сатып алушының келісімінсіз тапсырысты жеткізу мерзімін ұзартпауға тиіс.
16. Тапсырыстың күшін жоюдың дұрыс емес себебін көрсетпеуге немесе сатып алушыдан тапсырыстың күшін жоюды сұрамауға тиіс.
17. Сатып алушыларға көрсету үшін пайдаланылған, оралмаған тауарларды сатпауға тиіс.
18. Тауарды алғаннан кейін қайтару туралы шешім қабылдауды әдейі кешіктірмеуге тиіс.
19. Kaspi.kz-тегі Магазиннің сатып алушыларына серіктеске тікелей тапсырыс берген кездегіден мерзімі ұзақ және құны жоғары жеткізуді ұсынбауға тиіс.
20. Өз рейтингін немесе бәсекелестердің рейтингін басқару үшін тапсырыс бермеуге тиіс. Мысалы, дүкенінен тапсырысты ресімдеген кезде өз рейтингін көтеру үшін оң пікір қалдырмауға немесе бәсекелестің рейтингін төмендету үшін оның дүкенінде теріс пікір қалдырмауға тиіс.
21. Егер сатып алушы тапсырыста үйдің немесе пәтердің мекенжайын көрсеткен болса, сатып алушыға есікке дейін жеткізуден бас тартпауға тиіс.
22. Ірі көлемді тауарды әр қабатқа көтергені үшін сатып алушылардан қосымша ақы талап етпеуге тиіс.
23. Өз мәселесін шешу үшін сапаны бақылау қызметінің жұмыскерлерімен жеке байланысқа шығуға әрекеттенбеуге;
24. Үшінші тұлғалардың сатушының кабинетіне кіруіне рұқсат бермеуге тиіс.
25. Kaspi.kz-тегі Магазиндегі сатушының парақшасында сатып алушылар хабарласа алмайтын өзекті емес нөмірді көрсету.

Kaspi.kz-тегі Магазиннің серіктесі бұл ережелерді бұзса, мына шаралар қолданылуы мүмкін:

Бұзушылық	Шаралар
90 күн ішінде 1-ші бұзушылық	Kaspi.kz-тегі Магазиннен өшіру. Серіктестен түсініктеме мен қайта бұзушылықты болдырмау шаралары сұратылады. Серіктес толық түсініктеме беріп, бұзушылықтың қайталануына жол бермейтініне кепілдік бергенде ғана ынтымақтастықты қалпына келтіруге болады.
90 күн ішінде 2-ші бұзушылық	Ынтымақтастықты тоқтату немесе белгісіз мерзімге өшіру. Ерекше жағдайларда ғана ынтымақтастықты қалпына келтіруге болады.